

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 08 қыркүйектегі № 215 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 07 қазанда № 2505 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 наурыздағы № 73 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы әкімдігінің 17.03.2016 № 73 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 238-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі туралы" Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 30 шілдедегі № 18/275 шешімінің негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. "Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Ж.Ұ. Ұланова) осы қаулының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Ғ. Нұрғазиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының білім
басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Д.Н. Жұмашева

08 қыркүйек 2014 жыл

"Маңғыстау облысының дене
шынықтыру және спорт

басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

С.И. Пахомов

08 қыркүйек 2014 жыл

"Маңғыстау облысының
денсаулық сақтау басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Р.Ф. Бектубаев

08 қыркүйек 2014 жыл

"Маңғыстау облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы"

мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін атқарушы

Қ.І. Нұрмамедова

08 қыркүйек 2014 жыл

"Маңғыстау облысының мәдениет
басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Б.Т. Базарбаев

08 қыркүйек 2014 жыл

"Маңғыстау облысының
экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Ж.Ұ. Ұланова

08 қыркүйек 2014 жыл

"Облыстық ауыл шаруашылығы
басқармасы" мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы
Т.Ш. Балтабеков
08 қыркүйек 2014 жыл

Маңғыстау облысының әкімдігінің
2014 жылғы 08 қыркүйек № 215
қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының ТІЗБЕСІ

1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандар лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы мен басшысының орынбасары, оның ішінде медицина бөлімі жөніндегі;
- 2) бөлімше, станция, филиал, зертхана, орталық, бөлім басшысы;
- 3) бөлімшенің, кабинеттің, учаскенің меңгерушісі;
- 4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы дәрігерлер, медициналық бике, акушерка, зертханашы, медициналық зертханашы, медициналық статистик, провизор, психолог, статистик, әлеуметтік қызметкер, фармацевт, фельдшер, фельдшер-зертханашы.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы мен басшысының орынбасары, оның ішінде орталықтың;
- 2) бөлімше (орталық) меңгерушісі;
- 3) мамандар (бас, аға), оның ішінде: инспектор, консультант, үйде көрсетілетін әлеуметтік қызметкер, күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

3. Білім беру саласындағы мамандар лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы мен басшысының орынбасары (басшының әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарын қоспағанда);
- 2) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 3) жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және басқа да бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарындағы директордың ғылыми, оқу, оқу -

өндірістік, оқу - тәрбие, тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары;

4) әдістемелік кабинеттің басшысы, интернат, оқу кабинетінің меңгерушісі;

5) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы мұғалімдер, кітапханашы, жетекші, тәрбиеші, нұсқаушы, мастер, медициналық бике, әдістемеші, музыкалық жетекші, оқытушы, үйірме жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы, логопед- мұғалім, дефектолог-мұғалім.

4. Мәдениет саласындағы мамандар лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы мен басшысының орынбасары;

2) көркемдік жетекші;

3) кітапхана, клуб, көркемдеп қою, әдеби-драмалық, музыкалық бөлім меңгерушісі;

4) негізгі қызмет секторының және құрылымдық бөлімшенің (бөлімінің) басшысы;

5) мамандар (бас, аға), оның ішінде: аккомпаниатор, актер, музыка өңдеушісі, әртіс, балетмейстер, библиограф, кітапханашы, дирижер, дыбыс режиссері, нұсқаушы, барлық мамандықтағы инженер, өнертанушы, кинорежиссер, киномеханик, концертмейстер, мәдени ұйымдастырушы, музыкатанушы, музыкалық жетекші, әдістемеші, қоюшы оператор, кино-бейнепроекциялық аппаратурасының басқару пультінің операторы, режиссердің көмекшісі, режиссер, қоюшы-режиссер, үйірме жетекшісі, солист, хореограф, хормейстер, мұражай қорын сақтаушы, барлық атаудағы суретшілер, экскурсовод.

5. Спорт саласындағы мамандар лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы мен басшысының орынбасары (басшының әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарын қоспағанда);

2) бөлімше, филиал, кешен басшысы;

3) спорт клубының меңгерушісі;

4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: нұсқаушы, жаттықтырушы, мастер, барлық мамандықтағы дәрігерлер, медициналық бике, әдістемеші, психолог, фельдшер.

6. Ветеринария саласындағы мамандар лауазымдары:

1) мамандар (бас, аға), оның ішінде: медициналық ветеринария, санитарлық ветеринария.